



«» 2023ж.

## **«Колледж Президентін сайлау туралы» ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Бұл Ереже колледж Президентін сайлауға дайындық пен оны өткізуді реттейді.
2. Колледж Президентін сайлау студенттің сайлау және сайлану құқығын еркін жүзеге асыруына негізделген.
3. Колледж Президентін сайлау жалпыға бірдей, тең сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.
4. Студенттердің сайлауға қатысуы ерікті болып табылады.
5. Сайлаушылар – 1-4 курс студенттері болып табылады
6. Сайлаушылар Колледж Президентін сайлауға тең негізде қатысады және олардың әрқайсысы тиісінше бір дауысқа ие болады. Оларға тең құқықтар мен сайлауға қатысу шарттарына кепілдік беріледі.

### **2. Колледждің сайлау комиссиясы**

7. Колледжтегі сайлау комиссиясы – Колледжте сайлауды дайындау мен өткізуді жүзеге асыратын орган.
8. Колледжтің сайлау комиссиясы тақ саннан (мүшеден) тұрады:
9. Колледж Президентін сайлау кезінде бүкіл Колледж бірынғай сайлау участкесі болып табылады.
10. Колледжтің сайлау комиссиясының құрамы сайлау алдында 15 күн бұрын белгіленеді.
11. Колледж сайлау комиссиясының қызметі алқалылық, жариялыштық және ашықтық негізінде жүзеге асырылады.
12. Колледж сайлау комиссиясының отырыстары, егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, занды болады.
13. Колледж сайлау комиссиясының отырыстарына Колледж Президенттігіне кандидаттар, олардың сенім білдірілген адамдары, байқаушылар қатыса алады.

### **3. Колледж сайлау комиссиясының өкілеттіктері**

14. Колледж сайлау комиссиясы:

- 1) Колледж Президентін сайлауды әзірлеу мен өткізуі үйымдастырады;
- 2) Колледж Президентін сайлау бойынша дауыс беруге арналған бюллетенің нысаны мен мәтінін, сайлаушылар тізімдерінің және өзге де сайлау құжаттарының нысандарын белгілейді;
- 3) Колледж Президенттігіне үміткер кандидаттарды тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді;
- 4) Колледж сайтында кандидаттарды тіркеу туралы хабарламаны жариялады;
- 5) байқаушыларды тіркейді және оларға тиісті куәліктер береді;
- 6) Колледж Президентін сайлау жөніндегі сайлау алдындағы науқаның барысы туралы сайлаушыларды хабардар етеді;
- 7) Колледж Президентін сайлауды корытындылады;
- 8) Колледжтің сайланған Президенті туралы хабарламаны Колледж сайтында жариялады.

### **4. Колледж Президентін сайлау**

15. Колледж Президентін сайлау жылына бір рет қыркүйек не қазан айында өткізіледі.

16. Осы Ережеде белгіленген тәртіппен сайланған Колледжтің студенті Колледж Президенті бола алады.

17. Колледж Президенті 1 жыл мерзімге сайланады. Президенттің өкілеттігі Колледжтің жаңа Президенті сайланғаннан кейін тоқтатылады.

18. Колледж Президентінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату осы Колледжте окуды тоқтату негізінде, өз өтініші бойынша, сондай-ақ Колледж Жарғысын, бұзған жағдайда жүзеге асырылады.

19. Колледжтің сайлау комиссиясы сайлау нәтижелерін Колледж сайтында жариялағаннан кейін Колледж Президенті сайланды деп саналады.

20. Колледж Президенттігіне кандидаттарды ұсыну жарияланған күннен кейінгі күннен басталады және 3 күнтізбелік күн ішінде өткізіледі.

21. Колледж Президентін сайлау кемінде екі кандидаттың қатысуымен Занды.

22. Колледж сайлау комиссиясы тіркеу қезінде кандидаттарға тиісті куәлік береді және Колледж Президенттігіне кандидаттарды тіркегеннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей Колледж сайтында тегін, атын, туған күнін, сыныбын, сондай-ақ кандидаттың мінездемесін көрсете отырып, тіркеу туралы хабарлама жариялады.

23. Кандидат сайланды деп есептеледі:

- 1) дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу процентінен астамының дауысын алған;
- 2) қайта дауыс беру кезінде басқа кандидатпен салыстырғанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының көбірек санын алған адам.

24. Егер сайлау бюллетеніне Колледж Президенттігіне екіден көп кандидат енгізілсе және олардың ешқайсысы сайланбаса, Колледжтің сайлау комиссиясы ең көп дауыс алған екі кандидат бойынша қайта дауыс беруді тағайындауды. Кандидаттардың біреуі шығып қалған жағдайда сайлау бюллетеніне неғұрлым көп дауыс алған келесі кандидат енгізіледі.

25. Қайта дауыс беру осы Ереженің талаптарын сақтай отырып, келесі үш оқу күні ішінде өткізіледі. Қайта дауыс беру туралы Колледж сайтында хабарланады.

26. Колледж сайлау комиссиясы дауыс беру хаттамасының негізінде сайлау өткізілгеннен кейінгі күні Колледжтің сайланған президентін тіркейді.

## **5. Сайлаушылар тізімі**

27. Сайлаушылар тізімдері топтар бойынша әліпбелік тәртіппен жасалады. Тізімде сайлаушының Тегі, Аты, туған күні және тобы көрсетіледі.

28. Сайлаушылардың тізімдерін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жасайды және куәландырады. Сайлаушылар тізімдері Колледж сайлау комиссиясына дауыс беру күнінен бес күн бұрын ұсынылады.

Сайлаушылар тізіміне енгізілген сайлаушылардың жалпы саны Колледж сайтында жарияланады.

## **6. Сайлау алдындағы үгіт**

29. Сайлау алдындағы үгіт-сайлаушылардың белгілі бір кандидатты жақтап немесе қарсы дауыс беруге қатысуына түрткі болу мақсатындағы қызмет.

30. Сайлау алдындағы үгіт кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған кезден басталып, дауыс беру күнінің алдында аяқталады. Қайта дауыс беруді өткізген кезде сайлау алдындағы үгіт жүргізілмейді.

31. Сайлау алдындағы үгіт жүзеге асырылады:

1) Колледжтің бұқаралық ақпарат құралдары арқылы;

2) сайлау алдындағы жария пікірсайыстар, сондай-ақ кандидаттар мен олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен жеке кездесулерін өткізу арқылы жүзеге асырылады;

3) баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығару және тарату арқылы жүзеге асырылады.

32. Колледж сайлау комиссиясының мүшелеріне, педагогикалық ұжымның өкілдеріне және Колледжтің басқа да қызметкерлеріне кез келген сайлау алдындағы үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады.

33. Колледжтің бұқаралық ақпарат құралдары кандидаттардың сайлау науқанын әділ жариялауды жүзеге асыруға, кандидаттың ар-намысына, қадір-қасиетіне және беделіне көрінеу нұқсан келтіретін үгіт материалдары мен өзге де ақпаратты жариялаудан аулақ болуға міндетті.

34. Кандидаттардың сөз сөйлеу кезектілігі жеребе бойынша белгіленеді.

35. Кандидаттардың сөздерін үзуге және оларға түсініктеме жасауға тыйым салынады.

36. Колледж басшылығы барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілейді. Үгіттік баспа материалдары барлық кандидаттар үшін тең күкіктар қамтамасыз ететін жағдайларда орналастырылады.

## **7. Кандидаттың сайлауалды бағдарламасы және оның сенім білдірген адамдары**

37. Колледж Президенттігіне кандидаттар өздерінің болашақ қызметінің сайлауалды бағдарламасымен таныстырылады. Әрбір үміткер әрбір сынып параллелінің алдында 5 минуттық сөз сөйлеуге күкілы. Сайлау алдындағы бағдарламамен сөз сөйлеу жалпыадамзаттық күндыштықтар мен өзара сыйластық басымдығы қағидаттарына негізделуге тиіс.

38. Колледж Президенттігіне кандидаттардың сайлау науқанын өткізуге көмектесетін, сайлау алдындағы үгітті жүргізетін және кандидаттардың мұдделерін білдіретін сенім білдірілген адамдары болуына күкілы.

39. Колледж Президенттігіне Кандидат әр топ параллелінде 2-ден 5-ге дейін бір-бір сенімді тұлға болуға күкілы.

40. Сенім білдірілген адамдар бақылаушылардың күкіктарына ие болады, міндеттеріне ие болады.

## **8. Сайлау бюллетені**

41. Сайлау бюллетеніне мемлекеттік тілдің әліпбелік ретімен тегі, аты, тобы көрсетілген барлық тіркелген кандидаттар енгізіледі.

42. Сайлау бюллетендері мемлекеттік тілде басылады.

## **9. Дауыс беру тәртібі**

43. Колледж Президентін сайлау бойынша дауыс беру сайлау күні жергілікті уақыт бойынша сағат 08.00-17.00 дейін өткізіледі.

44. Дауыс беру уақыты мен орны туралы сайлау комиссиясы сайлаушыларды дауыс беру күніне дейін бір күннен кешіктірмей хабардар етеді.

45. Дауыс беру күні Колледж сайлау комиссиясы дауыс беру басталғанға дейін бір сағат бұрын жұмысқа кірісуге тиіс.

46. Колледж Президентін сайлауда дауыс беру арнайы бөлінген орында өткізіледі, онда жасырын дауыс беру үшін жағдай жасалуға, сайлау бюллетендерін беретін орындар белгіленуге және дауыс беруге арналған жәшіктер орнатылуға тиіс. Бұл ретте байқаушыларға, сенім білдірілген адамдарға, бұқаралық акпарат құралдарының өкілдеріне және сайлау комиссиясы мүшелеріне сайлау жәшігін бақылау мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс.

47. Дауыс беруге арналған орындағы адамдар сайлау комиссиясы белгілеген ережелерді қатаң сақтауға міндетті. Колледж сайлау комиссиясының

төрағасы дауыс беруге арналған орындағы сайлаушылардың санын бір мезгілде реттейді; тәртіпке жауапты болады және осы Ережені бұзған және дауыс беруді өткізуге кедергі келтірген кез келген адамнан дауыс беру орнынан кетуін талап етуге құқылы. Дауыс беру күні дауыс беруге арналған орныда сайлау процесіне қатысы жоқ бөгде адамдардың болуына тыйым салынады.

48. Колледж сайлау комиссиясының төрағасы:

1) дауыс беру басталғанға дейін комиссия мүшелерінің қатысуымен сайлау жәшігінің тұтастығын, ондағы сайлау бюллетенъдерінің бар-жоғын тексереді, дауыс беруге арналған жәшікке мөр басады;

2) сайлау бюллетенъдерін беруге жауапты комиссия мүшелерін айқындайды.

49. Эрбір сайлаушы жеке өзі дауыс береді. Дауыс беру құқығын беруге, сондай-ақ, сайлауда басқа адамдар үшін дауыс беруге жол берілмейді.

50. Сайлаушы бюллетенъді алып, тізімге қол қояды.

51. Сайлау бюллетенъдерін дауыс беруші жасырын дауыс беру үшін жабдықталған орындарда толтырады. Оларды толтыру кезінде дауыс берушіден басқа біреудің болуына тыйым салынады.

52. Сайлаушы өзі дауыс беретін кандидаттың тегінің он жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қояды. Бюллетенъге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзетулер енгізуге жол берілмейді.

53. Толтырылған бюллетенъдерді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

Жәшікті дауыс беру аяқталғанға дейін ашуға тыйым салынады.

## **10. Дауыс беру қорытындыларын анықтау**

54. Сайлау комиссиясы мүшелерінің дауыстарын санау жергілікті уақыт бойынша сағат 17.10 басталады.

55. Дауыс беру аяқталғаннан кейін комиссия төрағасы дауыс берудің аяқталғаны туралы хабарлайды.

56. Дауыс беруге арналған орныда дауыстарды санау жүргізілетін үстелдер Колледж сайлау комиссиясы мүшелерінің іс-әрекеттеріне сайлауға қатысып отырған барлық адамдар тарапынан шолу қамтамасыз етілетіндей етіп орналастырылады.

57. Дауыстарды санау кезінде қатысатын сөнім білдірілген адамдар мен байқаушылар дауыстарды санауды бюллетенъдердегі белгілердің көрініп тұруын қамтамасыз ететін қашықтықта және жағдайларда бақылайды.

58. Колледжтің сайлау комиссиясы пайдаланылмаған бюллетенъдерді есептейді.

68. Комиссия төрағасы жәшіктерді ашады.

69. Дауыстарды санау әрбір кандидат бойынша жеке жүргізіледі.

70. Бюллетенъдер жарамсыз деп танылады:

1) белгіленбеген үлгідегі;

2) Колледж сайлау комиссиясы мүшесінің қолы қойылмаған;

3) онда біреуден артық кандидат белгіленген;

4) белгі қарындашпен қойылған, тазарту іздері немесе қолдан жасаудың өзге де тәсілдері бар, сондай-ақ сайлаушылардың ерік білдіруін анықтау мүмкін емес жағдайларда жол беріледі.

71. Жәшікті ашқаннан кейін Колледж сайлау комиссиясы мыналарды белгілейді:

1) сайлаушылардың жалпы саны;

2) дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың жалпы саны;

3) қолданылған бюллетендер саны;

4) жарамсыз деп танылған бюллетендер санын белгілейді;

72. Дауыстарды санау нәтижелері сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қоятын хаттамаға енгізіледі.

73. Хаттаманың көшірмесі жалпы жүрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға дереу ілінеді.

74. Колледж Президентін сайлау қорытындылары туралы хабарлама келесі күні Колледж сайтында жарияланады.